



14

**МАТЕРИАЛИ
ЗА X МЕЖДУНАРОДНА
НАУЧНА ПРАКТИЧНА
КОНФЕРЕНЦИЯ**

**НАЙНОВИТЕ ПОСТИЖЕНИЯ
НА ЕВРОПЕЙСКАТА НАУКА -
2014**

17 - 25 юни 2014 г.

Том 14

Филологични науки

София
«Бял ГРАД-БГ» ООД
2014



СЪДЪРЖАНИЕ

ФИЛОЛОГИЧНИ НАУКИ

МЕТОД НА ПРЕПОДАВАНЕ НА ЕЗИК И ЛИТЕРАТУРА

Коломпец С.А. Традиційні та альтернативні методи навчання іноземної мови.....	3
Барсақбаева А.Б. Проблемалық жағдаятқа негізделген семинар-пікірталасты ұйымдастыру жолдары.....	5
Бобир Ж.М. Метакогнітивні стратегії та самостійна навчальна діяльність студентів ВНЗ.....	8
Lomanova I.V., Akhmetova A.A. Professionally – oriented level of teaching foreign languages at Medical high school.....	10
Чабристова Е.В. Использование дискуссии на занятиях с иностранными студентами.....	13
Қасым Б., Османова З. Интерактивтік технология арқылы оқығудың негізгі ұстанымдары.....	17
Zhereb T.V. The Communicative Approach of Teaching English.....	21

РЕТОРИКАТА И СТИЛИСТИКА

Муканева Р.А. Лингвомәдениеттанудың негізгі ұғымдары.....	23
Копеш К.Б. Когнитивно-дискурсивный и лингвориторический анализ учебного дискурса.....	25
Родина М.В. Героический миф в структуре повести К.С.Льюиса «Конь и его мальчик».....	26

ТЕОРЕТИЧНИ И МЕТОДОЛОГИЧНИ ПРОБЛЕМИ НА ПРОУЧВАНЕ НА ЕЗИК

Абрамян К.Ш. Словообразовательная категоризация в аспекте сопоставительного изучения языков.....	33
Зайцева Н.Н. Гендиадисные образования через призму признаков слова.....	35
Шерифова Э.М. К вопросу о функционированию неличных форм глагола в английском и лезгинском языках.....	42
Уразгалиева С.Б. Аймақтық жер-су атауларының сыры.....	45
Mukasheva R.A. Linguistic and cultural indicators, defining the national character (by work S.Mukanov).....	47
Журавлева Е.А. Средства номинации мужчины в английском языке.....	49

РЕТОРИКАТА И СТИЛИСТИКА

Мукашева Р.А.

*А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Практикалық лингвистика кафедрасының оқытушысы*

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ

Лингвомәдениеттану нысаны – тіл мен мәдениеттің өзара әсері мен арақатынасы, тілдегі рухани және материалдық құндылықтардың көрінісі. Айтылған ой жайында В.фон Гумбольдтің: «Тіл – халық рухы, халық рухы тіл арқылы көрініс табады» деген тұжырымы – жаңа ғылыми жолдың концепциясының алғашқы нышаны немесе қағидасы. Соның негізіндегі адамзаттың дүниені тану мен ойлау Тіл білімінде тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мәселесін алғаш рет ғылыми теориялық деңгейде В.фон Гумбольдт зерттеді. Оның материалды және рухани мәдениеттің ұлттық сипатының тілде көрініс табатыны, тілдік белгіге ішкі форманың тән екендігі және тілдің адам мен қоршаған орта арасын байланыстыратын дәнекерші қызметі туралы басты ғылыми негіздемелері мен ұстанымдары А.Потебняның, Ш.Балли, Ж.Вандриес, Р.Якобсон еңбектерінде өз жалғасын тапты. Көркем шығарманың тілі – күрделі, қыр-сыры мол құбылыс. Тіл – стильдің жаны. Әр жазушының өзіндік қалыптасқан стильдік мақамы болады. Кез келген құрылысқа материал қажет десек, көркем туындының материалы сөз болып табылады. Бүгінгі лингвистикада тіл мен мәдениеттің арақатысы кең ауқымда ғылыми аяда қарастырылып жатқапы белгілі. Мұның нақты ғылыми тұжырымын американдық ғалым Э.Сепир: «Тілдің бір тұғыры бар. Ол мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Ол дәстүр болып жалғасқан біздің тыныс тіршілігіміз мүлде қабысып кеткен салт-дәстүр мен наным-сенімдерден арыла алмайды. Тілдегі лексика өзі қызмет етіп отырған мәдениетті өз қалпында көрсетеді. Ол тұрғыдан алғанда тілдің тарихы мен мәдениет тарихы жапсарлас дамиды деуге болады» деп анықтай келе, әр халықтың танымдық ерекшелігі тек тілінің табиғатынан танылатынын көрсетіп, дәлелдейді. Көркем шығарманың тілі – күрделі, қыр-сыры мол құбылыс. Тіл – стильдің жаны. Әр жазушының өзіндік қалыптасқан стильдік мақамы болады. Кез келген құрылысқа материал қажет десек, көркем туындының материалы сөз болып табылады. Мәдениет ұғымы қай салада сөз етілмесін, ең алдымен, адамзаттың қоғамдағы өмірін, кемелденген ақыл-ойын, материалдық және рухани табысқа жеткен ерен еңбегін көрсетеді. Осы ретте мәдениеттанушы Э.С.Маркарян: «Мәдениет – қызметтің құрылымдық қасиетке ұласатын тәсілі. Мәдениет – ұлттық формада өмір сүретін қоғам өмірінің біртұтас қалпындағы құнды айғағы, адам қызметінің тәсілі мен нәтижесі арқылы көрініс табады, қоғамдық сананың, білім, тәрбие, ғылым, өнердің белгілі сатысындағы даму дәрежесін бейнелейді деп көрсеткен. Дүниедегі мәдениет –

өзіндік ғажайып құбылыс. Мәдениетті жаратушы да, жасаушы да халық десек, нағыз халықтық мәдениет ұлт болып қалыптасқан елдің өмір салтынан бастап, рухани болмысына еніп, тілі мен тарихында, танымы мен тұрмысында өзіндік сатыға көтеріліп, ұрпақ жалғастығы мен өмірінендігін танытады. Бүгінгі лингвистикада тіл мен мәдениеттің арақатысы кең ауқымда ғылыми аяда қарастырылып жатқаны белгілі. Тілді мәдениеттің негізгі бір категориясы ретінде танып, қазақ лексикасындағы заттық мәдениет атауының сипатын сөз еткен ғалым Ж.Манкеева: «мәдениетті тілден бөліп алып қарамаймыз. Тіл -мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің арақатынасы ерекше де маңызды. Кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, кумулятивтік қызмет арқылы көрінетіні, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі» деп көрсетеді [2,12]. Тілді мәдениеттің негізгі бір категориясы ретінде танып, қазақ лексикасындағы заттық мәдениет атауының сипатын сөз еткен ғалым Ж.Манкеева: «мәдениетті тілден бөліп алып қарамаймыз. Тіл -мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің арақатынасы ерекше де маңызды. Кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, кумулятивтік қызмет арқылы көрінетіні, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі» деп көрсетеді.[2,12]. Тіл ғылымында лингвомәдениеттану-лингвистика мен мәдениеттанудың түйіскен тұсынан туындап отырған, әрі этнолингвистика мен елтануды да ортақтастыратын жаңа ғылым. Қазіргі лингвистикада жаңа қарқынмен дамып келе жатқан бағыттардың бірі ретінде бұл саланы зерттеудің маңызы мен ерекшеліктері, өзге пәндермен байланысын ресейлік ғалымдар В.Воробьев, В.А.Маслова, В.Н.Телия өз еңбектерінде жанжақты қарастырған. В.А.Маслова «Ғаламның тілдік бейне көріністері әр тілдің өзіне ғана тән ерекшеліктеріне, әр халықтың дүние ғаламының түрлі-түсін өзінше мүшелей тануына, ол фрагменттеріне өзінше бейнелеп атауына байланысты тіл-тілде өзгеше болып өріледі», – деп көрсетеді[3, 54]. Бүгінгі қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттану ғылымы пән ретінде жаңа қадам басып жатқанымен, ұлттық мәдениет пен болмыстық ерекшеліктерді танытуда, соңғы жылдарда лингвомәдениеттану пәніне қатысты біраз зерттеулер қолға алынды. Тіл-ұлт-мәдениет дейтін үштік (триада) лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны. Қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттану пәні басқа халықтардың өмірінен де мәдени ақпарат береді. Бір ұлттың көршілес ұлтпен туыстығын немесе дәстүр ұқсастығын салыстыруды да мақсат етеді. Сол себепті лингвомәдениеттану өзінің зерттеу базасының кеңдігімен тіл білімінің басқа бағыттарынан ерекшеленеді.

Әдебиеттер

1. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. Москва, 1985, 254 с.
2. Манкеева Ж.А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. Док.дисс. автореф. 1997, 54 –б.
3. Маслова В.А. Лингвокультурология. Москва, 2001,208с.